

«Қарлығаш» бөбекжай-
бақшасының меңгерушісі



Бекітемін

И. Беркінбаева

«Алтын сақа» атты іс – шара жоспары

К/с	Жұмыстың мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	Іс – шара жоспарын жасап, бекіту	13.01.2025 ж	Әдіскер А. Мақұлбекова
2	Балаларға асық ойындарының пайдасы жайлы түсіндіру	Күнделікті	Топ тәрбиешілері
3	Балаларды ойын шарттарын бұзбай ойнауға дағдыландыру	Күнделікті	Топ тәрбиешілері С.Шилібекова Ә.Әбілдаева
4	Топты жарысқа сай безендіру	16.01.2025 ж	Топ тәрбиешілері С.Шилібекова Ә.Әбілдаева
5	«Алтын сақа» жарысын өткізу	17.01.2025 ж	Топ тәрбиешілері С.Шилібекова Ә.Әбілдаева

«Қарлығаш» бөбекжай - бақшасы

«Алтын сақа»

(спорттық сайыс)

Ересек топ

*Тәрбиешілер: Ә.Әбілдаева
С.Шилібекова*

2024 – 2025 оқу жылы

«Қарлығаш» б/б меңгерушісі:

Бекітемін

И.Беркінбаева



Тақырыбы: «Алтын сақа» (спорттық сайыс)

Мақсаты:

Ата-бабадан қалған өнер мен өнеге, ұлттық құндылықтарды баланың сана сезіміне құйып, көзіне көрсете отырып, ұлттық ойын арқылы балалардың дүниетанымын арттырып, әдептілікке, бауырмалдыққа баулып, өзін-өзі тәрбиелеуге дағдыландыру.

Түрі: топтық спорттық сайыс

Көрнекілігі: арқан, асық, ойынға арналған шар, музыкалық орталық.

Жүргізуші:

Армысыздар, қымбатты қонақтар, қадірменді ата-аналар, сайысты тамашалауға келген әріптестер. «Қарлығаш» тобының тәрбиеленушілері арасындағы өткізгелі отырған «Алтын сақа» спорттық сайысымызды тамашалауға қош келдіңіздер!

Біздің алға қойған мақсатымыз ата-бабадан қалған өнер мен өнеге үлгілерінің лайықтыларын баланың сана-сезіміне құйып, көзіне көрсете отырып, ұлттық ойын арқылы бойына сіңіріп, оларды әдептілікке, мейірімділікке, ізеттілікке, туысқандық пен бауырмалдыққа баулып, адамдық қажеттіліктерді ұғындыру, қалыптастыру. Бір ғажабы ойындар балалардың жан сұлулығын да, тән сұлулығын да жан-жақты жетілдіруге бағытталған.

Жүргізуші :

Көңіл қойып қараңыз

Жалындап тұр баламыз.

Жарысып қане екі топ,

Қол соғып қарсы аламыз.

Балалар 2 топқа бөлініп тұрады.

Айналайын балалар,

Сәтті болсын ойынымыз

Қуанышты көңілмен

Толсын әрқашан көңіліміз – деп сайысымызды ашып беру үшін балабақшамыздың меңгерушісі И.Беркінбаевағв сөз кезегін береміз.

Жүргізуші:

Жанға қуат шынығу,

Жаттығу, тынығу.

Сымбатты болуда

Спорттың жолында

-Балалар, сайысымызды бастамас бұрын сіздерді дене қыздыру жаттығуын жасауға шақырамын.

Бастапқы қалып, аяқ бірге, қол төменде

1. Жаттығуды басымыздан бастаймыз. Оңға қарай 4 мәрте айналдыру, солға қарай 4 мәрте айналдыру; 2 реттен қайталау.

2. Бастапқы қалып, аяқ бірге, қол төменде.

3. Қолды алға созу, 2 жоғары көтеру, 3 жанына қою, 4 бастапқы қалыпқа қайта оралу; 2 реттен

4. бастапқы қалып аяқтың арасы алшақ, қолды белде, белді оңға қарай тербелу 4 рет, солға қарай тербелу 4 рет.

Жүргізуші:

Қандай тамаша, бойымызды сергітіп, күш жинап алдық. Енді сайысымыздың бөлімімен таныстырып өтейін.

Сайысымыз 5 кезеңнен тұрады.

1-кезең. «Таныстыру»

2-кезең «Арқан тарту»

3-кезең «Паравоз»

4-кезең «Қол күрес»

5-кезең «Асық ату»

6-кезең «Кенгуру»

Сайысымызды бастамас бұрын, сайысымызға әділ баға беретін әділқазылар алқасымен таныстырайық: балабақша әдіскері: Мақұлбекова Айнагүл, кәсіподақ мүшесі Әбжаппарова Акнұр, ата-аналар мүшесінің төрайымы Шайзақ Инабат.

Спорттық жарысымыз 5 балдық жүйемен бағаланады.

-Әр кезеңнен кейін әділ қазылар әділ бағаларын береді.

1-бөлім топтар өздерін таныстырып, ұрандарын айтады.

1 – топ «Жүйріктер»

«Жүйріктер» тобының ұраны

Желден озған жүйрікпіз

Күнмен бірге күлдік біз

Жақсылықпен достасып

Күнмен бірге күлдік біз

Енді қарап тұрмайық бағымызды сынайық.

Қатар өскен құрдасқа,

Жарыс ұнап тұрмас па!

Қуып жету жақсы ғой

Озып шығу бір басқа.

2 – топ «Мықтылар»

«Мықтылар» тобының ұраны

Толды бүгін ортамыз

Мықтыларды қолдаңыз
Жарысуға сендермен
Келіп тұрған мықтымыз
Жеңіске жетеміз деп
Жалынды ұран тастаймыз.
Босқа қарап тұрмайық
Бағымызды сынайық
Намысты қолдан бермейік
Жарыста озып шығайық.

Жүргізуші: Әділқазылар сайыстың бірінші бөлімі бойынша әділ бағаларыңызды беріп кетсеңіздер.

Жүргізуші:

Топтар міне отыр сынға түскелі,
Сыналмақшы ептілік пен күштері, -олай болса екінші кезең **«Арқан тартыс»**
Ұлттық ойын «Арқан тартыс»

Ойын шарты: Арқанның екі жағынан екі топқа бөлінген балалар тартысады.
Қай топ өз жағына алып келсе, сол топ жеңіске жетеді.
Ойынымызды бастаймыз, алға!

Жүргізуші: Әділқазылар сайыстың екінші бөлімі бойынша әділ бағаларыңызды беріп кетсеңіздер.

Жүргізуші:

Спорт көркі өмірдің,
Спорт досың серігің, - деп үшінші кезеңге өтеміз.

3 кезең бойынша «Паравоз» ойыны

Ойын шарты: Колонаға бір қатарға тұрып, біріншісі паравоз, қалғандары вагондар. Белгі берілгенде паравоз кедергілер арасынан өтіп келіп вагонды тіреп алып жүгіреді. Екеуі кедергі арасынан өтіп келіп, келесі вагонды тіркейді.

Жүргізуші: Әділқазылар сайыстың үшінші бөлімі бойынша әділ бағаларыңызды беріп кетсеңіздер.

Жүргізуші:

Өнерсіздік зор айып
Ән мен күйге басайық.
Арасында тағы бір
Әнмен шашу шашайық

Тәрбиеші А.Бегманованың орындауында ән

Жүргізуші:

Шынықсаң шымыр боласың,

Сауығып айдай толасың.
Спортты серік ете біл,
Жақсы азамат боласың, - дегендей сайысымыздың төртінші бөлімі «Қол күрес»

Ұлттық ойын: «Қол күрес»

Ойын шарты: Ортаға 2 топтан екі ойыншы шығып, кілемнің үстіне жамбасынан жатады. Олар бас бармақтарын айқастыра қолдарын жымдастырып ұстайды. Ойынның шарты қолының күші көп ойыншы қарсыластың қолын жерге тигізу керек.

Әділқазылар сайыстың төртінші бөлімі бойынша әділ бағаларыңызды беріп кетсеңіздер.

Жүргізуші:

Спорт десе таза біздің арымыз,
Жалындайды жанымыз, - дей келе бесінші кезең ұлттық ойын «Асық ату»

Ұлттық ойын «Асық ату»

Ойын шарты: Аумағы 2-3 қадамнан тұратын дөңгелек көн сызылады. Ортасына әр ойыншы келісім бойынша 2-3 тен(не одан да көп) асық тігеді. Сақасын иіру арқылы кезегін алған ойыншылар он-он бес қадамдай қашықтан тігілген асықтарды сақамен ата бастайды. Ойыншы асықты ғана алады да, әрі қарай сақасының жатқан жерінен (егер сақа сызықтың ішінде жатса, онда сызықтың сыртына ғана атуға болады) қайтадан ата бастайды. Егер ойыншы бірде-бір асықты дөңгелек көннің сыртына шығара алмаса, ойыннан шығады. ойыншылардың бәрінің кезегі біткенде асықтарды қайта тігіп, ойын жалғасады.

Әділқазылар сайыстың бесінші бөлімі бойынша әділ бағаларыңызды беріп кетсеңіздер.

Жүргізуші:

Сайысымыздың келесі кезеңіне өтейік

«Кенгуру» ойыны

Ойын шарты: Шардың тұтқасын ұстай отырып, кедергілер арасынан мәжеге жетіп, қайтарда тіке оралу.

Әділқазылар сайыстың алтыншы бөлімі бойынша әділ бағаларыңызды беріп кетсеңіздер.

МАД тобының бүлдіршіндерінің орындауында «Қара жорға» биі.

Жүргізуші:

Жарыс заңы ежелден-
Жеңімпазды анықтау.

Жеңімпаз болу шарты сол

Еңбектену, жалықпау.

Біреу озса сайыста,

Біреу артта қалады.

Жеңілгендер ренжімей

Тараса бізге жарады, - демекші сайысымыздың шарттары бойынша

қорытынды шығарып, жеңімпаздарды анықтау үшін сөз кезегін әдіскер

Мақұлбекова Айнагүлге береміз.

Осымен «Алтын сақа» спорттық сайысымыз да өз мәресіне жетті. Келіп

тамашалағандарыңызға мың алғыс! Келесі кездескенше сау саламатта

болыңыздар!

«Алтын сақа» атты спорттық сайысының анықтамасы


Созақ ауданының білім бөлімінің «Қарлығаш» бөбекжай – бақшасының «Қарлығаш» ересек тобында 2025 жылдың 17 қаңтары күні балаларды физикалық тұрғыда шыңдау және ұлттық ойындар арқылы ұлттық тәрбие беру мақсатында «Алтын сақа» атты спорттық сайыс өткізілді.

Жарыста топ балалары «Жүйріктер» және «Мықтылар» болып 2 топқа бөлінді. Спорттық жарыс 6 кезеңді қамтыды:

1. Таныстыру
2. Арқан тарту
3. Паравоз
4. Қол күрес
5. Асық ату
6. Кенгуру

Ойын алдында тәрбиеші нұсқаулығына сүйене отырып, топ балалары дене қыздыру жаттығуларын жасады. Содан соң кезең – кезеңімен жарыс ұйымдастырылды. Спорттық жарысқа әдіскер А.Мақұлбекова, тәрбиеші А.Әбжаппарова, ата – аналар комитетінің төрайымы И.Бекмаханбет төрелік етті. Спорттық жарыс өте тартысты, қызық өтті. Жарыс ортасында басқа топ балалары өнер көрсетіп, топтарға жанкүйерлік жасап отырды. Жарыс соңында екі топты да мықты деп танып, мақтау қағазымен және сыйлықпен марапатталды.

Қорытынды: балалардың ойынға деген қызығушылықтары мен жеңіске деген ұмтылыстары керемет. Сондықтан осындай жарыстарды жиі ұйымдастыруды ұсынамын.

Әдіскер:  А.Мақұлбекова